



БҰЛТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Информатика, 1 курс

Күтілетін нәтижелер:

- *бұлттық технологиялардың не екенін түсінесіңдер; жалпыға қол жетімді файлдарды (мәтіндік құжаттар, күнтізбелер, презентациялар, кестелер) қолдану, қашықтан және бірлесіп өңдеуді үйренесіңдер.*

Жұмыс жоспары:

Меңгерілетін білім:

- «бұлттық технологиялар» түсінігі;
- бұлттық провайдер;
- бұлттық технологиялардың қызмет көрсету модельдері;
- бұлттық технологиялардың артықшылықтары мен кемшіліктері.

Сөздік:

- **Бұлт** – Облако – *Cloud*
- **Бұлттық технологиялар** –
Облачные технологии –
Cloud technologies
- **Бұлттық есептеулер** – Облачные
вычисления – *Cloud computing*
- **Бұлттық провайдер** – Облачный
провайдер – *Cloud provider*
- **Қолжетімдік** – Доступность –
Availability

Бұлттық технологиялар

- **Бұлттық технологиялар** (ағылш. *Cloud technology*, яғни *Cloud* – бұлт, *technology* – технология) – цифрлық деректерді өңдеу технологиялары арқылы интернет пайдалану шыға барлық қызмет түрлері бір аппараттық жүйеде біріктіріліп онлайн-сервис ретінде ұсынылуы.



1-сурет. Бұлттық технология моделі

Бұлттық есептеулер

- **Бұлттық есептеулер** (ағылш. *Cloud computing*, яғни *cloud* – бұлт, *computing* – есептеулер) – қажетті конфигурацияланған есептегіш ресурстарға (мысалы, деректерді беру желілеріне, серверлерге, деректерді сақтау құрылғыларына, барлығына бірдей немесе бөлек-бөлек) талап бойынша ыңғайлы желілік қолжеткізуді қамтамасыз ету моделі (*1-сурет*). Бұл терминдер – компьютерде арнайы программалардың орнатуын сыз,
- Интернет желіге қосылған жалпыға қолжетімді деректер ортасын өңдеу, жүктеу және сақтау т.с.с. қашықтан басқарудың технологиялық мүмкіндіктерін ұсынатын виртуалды қызмет түрлерінің жалпыланған атауы.

Бұлттық провайдер

- Виртуалды қызмет түрлерін ұсынып, ұйымдастырып, қолайлы жағдай жасап отыратын, кез-келген деңгейдегі және кез келген қуатты ақпараттық ресурстарға қолжеткізуді қамтамасыз ететін бұлттық қызмет түрлерін **провайдер** атқарады.
- **Бұлттық провайдер** (ағылш. *Cloud provider* – бұлттық сервис терді жеткізуші) – бұлттық есептеулер негізінде қызмет көрсететін компания, ол әртүрлі виртуалды ресурстың (виртуалды серверлер, виртуалды желілер, виртуалды деректерді сақтау жүйелері) автоматтандырылған басқару түрлерін жеткізуші.

Бұлттық технологиялардың артық шылықтары:

- Интернетке қосылған кез келген құрылғы арқылы (ДК, планшет, смартфон және т.б.) басқарылады;
- көптеген программалар тегін (немесе қолжетімді бағада) және үнемі программалардың ең соңғы нұсқасымен жарып отырады;
- арнайы операциялық жүйелерді талап етпейді;
- кез келген жерде, кез келген уақытта ақпарат қолжетімді;
- көптеген қолданушылар үшін бірлескен жұмысты жеңілдетеді;
- құжат форматтарының үйлесімділігі; егер құрылғы (ДК, планшет, смартфон және т.б.) істен шықса, маңызды ақпарат жоғалмайды, себебі ол құрылғы жадында сақталмайды;
- ақпараттар автоматты түрде бұлтта сақталып отырады және резервті көшірме жасайды;
- әрқашан жаңа және жаңартылған аппараттық өңдеулер жүзеге асырылады.

Бұлттық технологиялардың кемшіліктері:

- Интернет болмаған жағдайда жұмыс тек құрылғыға жүктелген құжаттармен жұмыс істеумен шектеледі;
- бұлттық программалардың жұмыс жасау жылдамдығы баяу болады;
- ақпараттың зақымдалу қаупі бар;
- көптеген бұлттық сервистер бірнеше гигабайт көлемді ғана тегін ұсынады, ал оны тек қосымша ақы төлеу арқылы кеңейтуге болады;
- кейбір бұлттық технологиялар отандық және халық аралық стандартқа сай емес.



Сұрақтарға жауап берейік

1. Бұлттық технологиялар деген не?
2. Бұлттық есептеулер туралы қандай мәлімет алдыңдар?
3. Бұлттық провайдер деген не?
4. Бұлттық технологиялардың қызмет көрсетудің қандай модельдері бар?